

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы

Топ: ортаңғы Айшуақ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Кенжеғазы М.Т

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Балалар неге әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті	25 қазан - Республика күні	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріндер, матаны сулап құрғатындар,

басқалар)	ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	сақтау, шаңды сүрту.		балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету.	лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуді үйрету және оларды ажырата білу. (сөйлеуді дамыту)	"Құс қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті		"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар қыста ұшады, (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар

	"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізушіні" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Жүргізуші балаларға: "Сақина, ортаға шық!"- деп айтады. Сол сәтте алақанында сақинасы бар бала: "Сақина менде!" - деп дауыстап, орнынан атып тұрады. (дене	гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларға өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруды, әдемі гүлшоқтарын жасауды үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі түсті жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады. (сөйлеуді дамыту) Зерттеу іс-әрекеті Тақырыбы: Тас Мақсат-міндеттер:		бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (аталған қимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту,	жиналып, Бір пішінге құрылды. (сөйлеуді дамыту) Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр". Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруға дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)
--	---	---	--	---	--

	шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	Тастың қасиетін зерттейді, сипаттайды.		көркем әдебиет) "Лото "Құстар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	
Ертеңгілік жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (Зрет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді".				

	5-6 бастапқы қалыпқа келу (Зрет). Бастарқы қалып 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Әр мезгілдің ерекше белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді "Күз" деп атайды. Педагог жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді (құстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғаяды; үлпілдек ақ	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, достарым, келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге,		"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларда біздің жерде қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып, суреттерден табуды үйрету; туған жердің табиғатына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (сөйлеуді	"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен жыл құстарын магниттік тақтаның

	қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді. (сөйлеуді дамыту)	Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым, кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді. (сөйлеуді дамыту)		дамыту)	бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Торғай секіреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын	Дене шынықтыру "Екі аяқпен секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету.		Дене шынықтыру "Торғай секілді секіреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту.	Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.

	жетілдіру.				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыстан қалай шыққанын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап не айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаны ластанудан	Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртынан танып, оны өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, оны торғаймен салыстыруына болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық		Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы түсініктерін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайта қайтып келеді. Бұл құс жазда ұя салып,	Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуды үйрету; құстар туралы жалпы мағлұматтарын пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа,

	тазалайды. Сол үшін адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың доппен ойналатын ойындарға қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу;	ойыны. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін пысықтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлесе жұмыс істей білуге баулу.		балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш басқа құстарға қарағанда ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ сияқты жоғарыға жылдам көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үйдің шатырына сазбалшықтан салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: жапырақтар жинау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты қорғауға,	Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен
--	--	---	--	--	--

	достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты жылдам қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.	"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.		гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартының белгілеріне сай қимылдауды жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан кейін таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен	"шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалып қойса соны "жапалақ ұясына алып кетеді". Келесі жолы басқа жапалақты таңдайды, ойын әрі қаарй
--	---	--	--	---	--

		Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен, "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар:	"шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Жапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соқтықпай жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары:	жалғасады. Құралдары: ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алға секіруді үйренеді. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.
--	--	--	---	--

		қаршығалар мен қарлығаштар. "Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. Балалардың еркін ойыны.		ойыншыларға таңбалауыштар, "жапалаққа" маска. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанаға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойыны.	Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету. Балалардың еркін ойындары.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Құстар неге сөйлемейді?" Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік		Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарлығаштың сыртқы бейнесімен таныстыра отырып,	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көлде жүзген үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен

	бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын пысықтау; есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту. "Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тануды үйрету. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы	ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету. "Жыл құстарын тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жыл құстарына жататын құстардың суреттерін тауып атау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының		қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін бақылау дағдысын қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. "Қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын атап, сипаттау. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) "Суреттер тізбегі" дидактикалық	көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. Саусақ жаттығуы. «Балапан». Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау) Суға бірге барайық, (шапалақтау) Саған бидай шашайық! Бидай шоқып, тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау) Қанатыңды қақ-қақ-қақ. (сөйлеуді дамыту) Серуендеуге
--	--	---	--	--	--

	ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ұшты-ұшты" жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсат-міндеттері. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру.	айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. (сөйлеуді дамыту) "Жұмбақтардың шешімін табу". Мақсат-міндеттері. Құстарға байланысты жұмбақ жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту.		ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Үш аю" ертегісін баяндау. Мақсат-міндеттері. Ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің	барайық" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту) Жапсырудан ойын-жаттығу "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды
--	--	--	--	--	---

	Вариативті компонент/Шығармашылық "Қарбыздың бөлігі". Мақсат-міндеттер. Балаларға күз мезгіліндегі адам еңбегінің түрлері туралы ұғым беру; жеміс пен көгөністер жөніндегі дүниетанымын кеңейту; қарбыздың жидектер тобына кіретінін тәжірибе арқылы дәлелдеу. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек". Дөңгелек пішіндер өте көп: Алма, апельсин, картоп, Адамның басы дөңгелек, Дөңгелек екен ойыншық доп.	(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». Шарты. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық		мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (көркем әдебиет) "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардға геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыруды үйрету. (математика негіздері)	жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауды үйрету. Саусақ жаттығуы. Құстар ұшып барады (алақандарды ашып-жинау), Қанаттарын кең жайып (алақандарды ашып-жинау). Торғай бізбен қалады (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу), Бақылап ауа райын (алақандарды бірін-біріне қосу, қысу). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады) - Кел, торғайым, мұңайма (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру"),
--	---	--	--	--	---

		аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.			Жылытайық бойынды (алақандарды өзара уқалау). Бізден босқа сұрама (алақандарды өзара уқалау), Жазда қалған ойынды (шапалақтау). (Соңғы екі жол екі рет қайталанады) (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады. Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш.	Артикуляциялық жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. (сөйлеуді дамыту)		Жаңылтпаштар айтқызу. Құлық таудан, Құлық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты, Құлық таудың Қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты.	Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе,

	(сөйлеуді дамыту)			Сырттағы ит үрді, Сырттан кісі кірді. Сырттағы біреу, Сыпырып кетті кірді. (сөйлеуді дамыту)	Қиқаңдатқан сауысқан. (сөйлеуді дамыту)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында құстардың бейнесін жасау. Топпен жұмыс, жеке жұмыс. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) "Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бақылау, кеңістікті бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, балалар, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. Ойыншықтар атауын қазақ тілінде дұрыс атау. - Енді, балалар, ойыншықты іздеп табыңдар. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Еркін рөлдік ойындар. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек." (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.		"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер	"Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу.

			беру.	
--	--	--	-------	--

Тексерген: Бекнизова М.А. 